



КАЗІРГІ
КАЗАК
ПОЭЗИЯСЫ

Ертай
Ашықбаев

*Ғашықтар
мектебі*





КАЗИРГІ
КАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫ

Ертай
Ашықбаев

*Ғашықтар
мектебі*

Өлеңдер



Алматы
«Жазушы»
2004

ББК 84(5ҚЗ)6-5
А 97

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.*

Ашықбаев Е.

А 97 Ғашықтар мектебі: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы,
2004. – 248 бет.

ISBN 9965-701-59-8

Ертай Ашықбаев – Қазақстан Жазушылар одағының Шөкәрім Құдайбердіұлы атындағы, Қазақстан Журналистер одағының Төлеубай Ыдырысов атындағы және Ақтөбе қаласы әкімі сыйлықтарының иегері. Балалар мен жасөспірімдерге арналған үздік шығармалардың республикалық байқауының төрт дүркін жүлдегері. Төрт жыр жинағының авторы.

Бұл жинаққа акынның соңғы жылдары жазған жаңа өлеңдері еніп отыр.

А $\frac{4702250202-079}{402(05)-04}$ кұлақтандырусыз – 2004

ББК 84 қаз 7-5

ISBN 9965-701-59-8

© «Жазушы» баспасы, 2004



ЖАРЫССӨЗ

Зор қоғамның, не беделді Кеңестің,
Төрағасы емеспін.
Олай-былай барған кезде, әрине,
Мәшинемен алып жүрмес мені ешкім.

Жазу, сызу – маған қонған бақ, талап,
Дерсіз, бәлкім: «ал, не жаздың, мақтан-ақ».
Өттең, әкем халық жауы болмапты,
Жазар едім бір поэма... ақтап ап...

Қозы бақтым. Үйрек бақтым. Қаз бақтым.
Фашық болдым – тарттым сонда аздап мұн.
Диссиденттік маған қайдан бұйырсын –
Үкіметке қарсы өлең жазбаппын.

Жаза қояр дерек таппай мүлде мен
Қиналамын. Жиналыста үндемен.
Алматыдан кетіп қалғам ертерек –
Желтоқсанда танысқам жоқ түрмемен.

Брежнев, асыл задам, құрметтім,
Сізді... және Қонаевты үлгі еттім.
Өкілімін ду қол сокқан дүрмектің,
Мен – күріштің қасындағы күрмекпін.

Жиналыста көбенсиді көңілім,
Маған назар аудармайды көп інім.
...Жарыссөзде айта салар ерлігі
Емге де жоқ, ай-хай, менің өмірім.

БАБАТАЙ ӨЗЕНІ

Мешін жылы Бабатайда туғалы
Біздің бастан біраз өмір зулады.
Тіршілігім өлеңімнің өзіндей –
Бірде жақсы, бірде жаман шумағы.
Басталғанда қызығы мен думаны
Айтар ма екен азды-көпті әңгіме
Кей жақсылар мына мен де туралы?

Мен – өзенмін. Тымық күні тынышпын,
Желді күні толқындарым тулады,
Желді күні камыстарым шулады.
Жел тигізбей өсіруге жарарлық,
Қайдан табам кеудесі зор туманы?

Мен өзенмін балдырларым қалқыған,
Күн ыссыда ауа жетпей алқынам,
Күн ыссыда бу боп ұшам, тартылам,
Арнам толық кездерінде көп келіп,
Жамандайтын кісілер бар артынан.

Мына жатқан Бабатайдың өзені,
Мақтауға да, даттауға да төзеді.
Жағаға кеп су ішеді ыссыда
Ақ қоянның әлжуаздау көжегі.

Су ішкенде ақ қоянның көжегі
Өзен дәмін өте жақсы сезеді.
Өз өзенін ұқпағандар, қайтейін,
Басқа жердің шалшық суын кезеді,
Басқа жұрттың балшықтарын езеді.

...Мешін жылы Бабатайда туғалы
Осы да бір айтпай жүрген сөз еді.

ФРАНЦУЗДАР КЕЛГЕНДЕ

Ресми хабарсыз-ақ, былай да,
Әңгімесі созылған-ды бір айға.

Ақтөбеге француздар келіпті,
Келіпті олар қазаққа емес,
...Мұнайға.

Үркіп қалған жүректерді тепкілеп,
Әрбір баста әртүрлі ой кетті үдеп.
Бір білгіш жан басу айтып қояды:
«Саясатта ісіміз жоқ депті»,— деп.

Бір ақсақал: «онысы жөн, е-е,— деді,—
Іздей берсін — мұнай болса керегі».
(Біздің қазақ қонақтарын сыйлағыш,
Біздің қазақ қонағына сенеді).

Қала — желсіз, аспан сұмдық шырайлы,
Бұлт бетінен мөлдір сәуле құлайды.
Ауыл жактан келіп жатқан нағашым:
— Қонақтарды көрдің бе?— деп сұрайды.

— Іс жасаймыз,— деп жатыр ғой келелі,—
Деп қоямын нығыз қағып шегені.
Нағашым да отырады ырза боп,
...Біздің қазақ қонағына сенеді.

КӨГЕРШІН

Менің ауылыма бұлт барып қонды ма?
Жанбыр суына ойпаң толды ма?
Бір Көгершін айналып ұшып жүрді ме?
Біздердің өкінішіміз шығар ол мына.

Ай, Көгершін, кемеліне келген ер,
Саған кімдер баяғыдай шөкім-шөкім жем берер?
Ескеріндер осыны,
Ағалар-ау, аса жұртты меңгерер.
Олай жүрсе сауыттайын берік боп,
Былай жүрсе сауықтайын желік боп,
Асу-асу жол шеккен.

Іздегенде інілер —
Бұлдырап жеткен бұл шеттен,
Құлдырап жеткен ол шеттен.
Менің ағаларым —
Етек-жені мол шекпен.

Атын айтып қайтейін —
Жазулы тұр санада.
Затын айтып қайтейін —
Олар өте азғантай-ақ қалада.
Сен де аздың бірісің,
Жүрген дұрыс мақұл боп.
Ай, ділгірлік құрысын,
Ағалар аз, ақыл көп.

Аз да болса көнерсің,
Өтерсің де өнерсің.
...Түк түсінбей ауыл жаққа ұшқанда
Ал не тапты біздің әлгі Көгершін?..

КӨКТЕМ. ҚҰСТАР

Бұл қыста да озық жұртқа теңелмей,
Мемлекет абыройын төксек те,
Күн жылынды —
Сенбеймін бе, сенем бе, ей?
Табан тиді көк шөпке.

Жердің үсті, обалы не, құлпырды,
Жылытайын тоңып қалған күлкімді.
...«Кешіріңіз, біз осында тудық» деп,
Келіп жатыр кеткен құстар былтырғы.

Рұқсат та сұрамай,
Қонып жатыр — бұ қалай?
Тағы қашып кетер ме екен бұл құстар
Желтоқсанда алағай да бұлағай?

Тағы да сол ақ қар, көк мұз тайғақта,
Бұларсыз-ақ мінеміз бе қайратқа?

...Көктем жайлы өлең жазу қызык-ақ,
Шіркін, біздің аймақта.

Қонды құстар... жек көрдік пе оны біз?
Ұя бұзып кірленген жоқ қолымыз.
Сендер емес келгендердің алды-арты,
Үйренгенбіз.
...Құстар, уа, қоныңыз!

ҰҚСАСТЫҚ

(Әзіл)

Ұқсамасаң жақсыға ұят-ты анық,
Сөйлейінші мен де бір мияттанып.
Ақтөбеде жүріп-ақ жинақ жаздым
Дүйсенбаев Есенбай сияқтанып.

Сол жинақты шығардым жаным байып,
Жарап қалдым сөйлеуге сәл ұлғайып.
Төрт бәйге алдым баспадан...
Бұл бәйгені
Жылда алады Мұзафар Әлімбаев.

Жазамын деп жүргенде шырайлы өлең,
Ақылдасқан жоқ едім Құдайменен.
Дос ақыным Аманхан Әлімов пен
Мен...
Таңдаппыз қос қызды Күләй деген.

Біздің қазақ жіберді-ау қате жүздеп,
Үй салмапты қалаға әкеміз кеп.
Байбота мен Мейірхан секілденіп,
Мен де жүрдім тым ұзақ пәтер іздеп.

Ақындарға сондықтан тұрам бейім,
Ақындарды сондықтан ұғам дейін.
Ақындардың өлені ұқсас дейсін,
Ұқсас болмай қайтеді бұдан кейін.

Дара болу түк емес атак ұрлап,
Дана болу түк емес бата бұлдап.
Шекпен кисем ұқсар ем Абайға да,
...Әттең, бірақ базарда мата қымбат.

ҚОНАҚ ҮЙІ. АҒЫЛШЫНДЫ АЛҒАШ КӨРУ

Мен орыс тілін білемін,
Мен қазақ тілін білемін.

Менің тілім – жер таңдамас трактор,
Өзіме де жүр осыным ұнап кіл.
Ағылшынға мен шекемнен қараймын:
Ағылшынның оқығаны – бір-ақ тіл.

Мұғалімнен ести-ести сөгісті,
Менің миым көп оқумен толысты.
Ағылшынды менсінбеймін. Себебі:
Ұқпайды олар, ұқпайды ғой орысты.

Ағылшынды көрген кезде дос-күрбы,
«Мынау өзі... қалай, ей?» – деп оскырды.
Ақылсыздау кісілер-ау. Әйтпесе,
Қалай жүр бұл тең игермей қос тілді.

Қонақ үйдің алды. Гүлзар. Саябақ.
Жапырақтар көлеңкесін жаяды-ақ.
...Мен кетіп қалдым үйіме
Ағылшынды біразырақ аяп ап.

ҰЯ

*«Дуанбасы: Мырзалар, мен
сіздерді бір орасан жайсыз хабарды
естіртуге шақырып едім. Бізге
ревизор келе жатыр...»*

(Н. В. Гоголь).

I

Ревизор,
Келмедің-ау сен тіпті,
Арызы көп жұрт бекерге ентікті.
Автобусын жүрмеді,
Самолетің кешікті.
Сәбиіміз күлмеді,
Бос тербеттік бесікті.
Дермантинмен қаптады
Дуанбасы есікті.
Жұрт есікті мақтады,
Сен келмедің.
Не шықты?
Шықпадың ғой көпшігі көп төрге де,
Біздер сеніп үйренгенбіз өңгеге.
Біздер есік сындырмаймыз,
Тек
Сынған
Есіктерден лап қоямыз бөлмеге.
Бөлмеге де кіргеніміз күлкілі —
Бермей қойды жақсы затты жұрт ірі.
Ұланымыз бой үйретіп ұранға,
Қол соғудан босамады күн-түні.
Қол соғудан жүлдегер ек кеше біз,
Енді қалай ұрансыз күн кешеміз?
Бір жана ұран күтіп жүр —
Атамыз бен әжеміз,
Әкеміз бен шешеміз.
Даусымыз да осы күні тым әлсіз,
Жыласак та жыламаушы ек ұрансыз.
Тамақ берме — біздің халық шыдамды,
Ұран берме — шыдамсыз.

Өнеш кергіш қоғамды-ай,
Көртышқанды құндыз ғып...
Тастан лашық соға алмай,
Сөзден сарай тұрғыздық.
Арқамыздан какқан сайын құрметтеп,
Бір мектепті жұтып жатты бір мектеп.
Аулымызға зер погонды дүрмек кеп,
Жер солқ етсе, сыртқа каштық дірдектеп.
Түсіндірді «жоспар... парыз... міндет...» деп,
Кете алмадық, о, неліктен гүлдеп тек?
Сағым болды қуғаным,
Шуладым да қурадым.

Харам болды – ішкенім,
Арам болды – думаным.
Өлеңімнің шумағын
Цензурамен турадым.
...Шұрк-тесік, ей, Қазақ Жер,
Сен неге
Бір білікті ревизор тумадың?

II

Әңгіме ғып көп айтсақ та тамсана –
Ревизор болу қайда баршаға?
Ей, жас жігіт, шаршама,
Шаршағандар қаншама.
Түнілісімді түсін де,
Күзгі бұлттай жыртылма.
Арықтығым – ішімде,
Семіздігім – сыртымда.
Анау шекпен жамылды,
Жамылсыншы. Үндеме.
Жаланап жүр дарынды –
Түсініксіз бірдеңе...
Жоқ секілді қыбырлаған жұртта мін –
Айтқан кезде Отан қамын, ұлт қамын.
Жалғыз тілмен мен де бір у ұрттадым,
Аппак-аппак ойларымды жыртып, Мұң.

Бұлттарымның аппағы-ай,
Қойды-ау ешкім мақтамай.

Елемеді күндіз Күн,
Түн ішінде бакпады Ай.
Тек жынды Жел жұлкынды,
Көрдім ашкөз құлқынды.
Сақтайыншы бұлтымды,
Бұлттан жұқа ұлтымды.
Улы дәннен тұқымдық
Дей алмаймын: «кұтылдық».
Жегеніміз – тәубе де,
Ішкеніміз – шүкірлік.
Сөз аламыз шоктана,
Теледидар, тоқтама.
Бірақ әлі бір класта жүрген жоқ –
Аш бала мен тоқ бала.
Әлі өскен жоқ өз табиғи қалпымен
Тыңайтқыштан миы уланған көп дана.
Керосиннің қуатынан сескеніп
Су құямыз көмірі жоқ отқа да.
Асқазаның толы көлгір сөздерге,
Жұтқаныңды төк, Дала.
Ревизор ешқашан келмейді,
Ревизор – Өзінсін,
Қазақ Дала,
Сен өзінді жоқтама!

III

Донор болдық міндеттерге маусымдық,
Қан азайды.
Көкөніс жоқ.
Таусылдық.
Дүрсіндік те іле-шала күрсіндік,
Кино көрген сәбидейміз тым сұмдық.
Су – теп-тегін.
Тек күтім жоқ –
Азды Бақ.
Талай рет дүр мақала жаздым-ақ.
Ұлтым – әсем,
Ұлым, әттен, екі ойлы,
Тілім – әсем,
Сөйлеушісі аз, бірақ.

Тілім арзан — бұл қалай?
Жырым арзан — бұл қалай?
Бұтақтағы ұямның
Кұлағалы тұрғаны-ақ.
Насихат та оқылды-ақ,
Бірақ сүтке жарымады соқыр лак.
Атом келді —
Кұлады ұя топырлап.
Арак келді —
Кұлады ұя топырлап.

Орманымды шулатты,
Мазасы жоқ тоқылдық.
Кұласа да топырлап,
Мен ұямды қимаймын.
Тұмсығыммен шоқып ап,
Сынықтарын жинаймын.
Біреулердей күрек тісім аксия
Іздемеймін басқа орманнан жақсы ұя.
Күндемеймін басқа ұяның кеңдігін,
Басқа құстың шоқымаймын тендігін.
Балапаны ем осы ұяның кеше мен,
Осы ұяның торғайымын мен бүгін.
Шырылдаған торғаймын,
Өз ұямды қорғаймын.
Жылы жаққа қашпаймын,
Өксігінді бас, Қайғым,
Іші-сыртың әлем-жәлем, ұям-ау,
Сені кімге тастаймын?

IV

Менің ұям — олпы-солпы, кіп-кіші,
Келмейді жұрт жағдайымды ұққысы.
Көкек келіп жұмыртқасын тастады,
Есіртіп жүр елкезбені бас қамы.
Баспаған соң жұмыртқалап не керек,
Аяймын мен бауыры суық қасканы.
Іздемейді — шөжесінің шырылын,
Иіскемейді — төбедегі тұлымын.
Сак бола гөр Көкектен —
Тамағынды тартып жейді ол, құлыным!

Арка етім арша боп,
Тамырларым талша боп
тауып берген тамақты,
Борбай етім борша боп,
Борыштар боп сонша көп
тауып берген тамақты –
Қорықпай ішермісің, құлыным?

V

Ал біз әлі қалпымызда ісі кем,
Ұлық іздеп
Ұлы,
Орта,
Кішіден,
Қошқар тауып тоқтылардың ішінен,
Алтын тауып кетіктердің тісінен,
Ертеңді күнді кеш қылып,
Жана күйде ескіріп,
Бие жоқта байлауға –
Қымыз құйып сайлауға,
Қолпаш күтіп әр істен,
Опа-далап жағылған дәріспен
Ұя жөндеуді көксейміз.
Ал, ұямда,
Ұямда –
Жұмыртқа көп.
Сыям ба?
Бауырыма басам ба?
Қанатымды жиям ба?
Бауырымның зар-мұңы
Қызу болып жете ме?
Жұмыртқамның барлығы
Ақ үрпек боп кете ме?
Балапан боп өсе ме,
Тізіліп шыға ма көшеге?..

VI

Ал, Далам-ау, Далам-ау,
Көптен, көптен суықтанған көңілің,

Қысқаруға жуық қалған өмірін,
Өгей Аға шертіп өткен мандайын –
Такылдамай дертіп өткен тандайың –
Көрген еді талайды.
Ол да кетсін. Жарайды.
Жыртығыңды бүгінгі
Енді кімдер жамайды?
Көрпен, әлде, пүліш пе,
Күлкін, әлде, күміс пе?
«Еңіреген ердің сойы керек-ау,
Біздің бүйткен бұл іске».
Түтіндерің түзеле ме, Мұржалар?
Ей, ақсақал Теория, тұр, жанар!
Бірігіндер, Әйелдер мен Ханымдар,
Бірігіндер, Кедейлер мен Мырзалар!
Бір-біріңе ісініп,
Қай мұратқа жетесіз?
Жасырып қазан пісіріп
Аш қалсаңыз не етесіз?
Ас андыған сұғанақ көз толып жүр –
Тұнғыққа батасыз да кетесіз.
Сыртқа шықсам – дүрсінетін Даласың.
Үйге келсем – күрсінетін Қаласың.
Қайсы бірін айтайын.
...Тісің шыққан баласың.

МҰҢАЙМА

Саясаттан өмір сұрап...
Көмір сұрап... (тоңғасын),
Күрек ұстап күнкілдедік, ей, Махамбет жолдасым.
Ереуіл атқа ер салмадық,
Амалымыз тым басқа.
Нелер келіп, не кетпеді
Сізден қалған бұл БАС-қа.
Практика жиналған жоқ,
Теория тым әлсіз.
Күрсінесіз қиналған боп
Ежелгі дос, Ұран, сіз,
Ежелгі дос ел бола ма?
(Өмірлісің, мақалым!).

Етектен кессем жең бола ма,
Кайда ескі шапаным?
Ескі шапан қалып қойған орыс-евро коныста,
Костюм көп-ақ. Бірақ әлі жарымадық болысқа.
Шеге тапшы. Балғам жеңіл —
шиқылдап тұр Баспалдақ.
Жас парлап тұр көзіңізден,
Айналайын аспан жақ.
Қоңыр салқын төске алып
Орала ма кашқан Бак?
Ал күтейін, ал санайын:
Балаң үйрек, бас бармақ...
Ай, Махамбет, Сіз — қызғыш күс,
(айтайын ба астарлап?)
Есенғали Раушанов — кара бауыр касқалдақ.
Ей, Касқалдақ,
Ей, Қызғыш күс!
Азат, міне, көліңіз.
Басылды ма шөліңіз — ұшыңыз да, коныңыз:
«Жат бойынан түңілсін,
Бөріңіз де бір анадан туғандай болыңыз».
Етекке қолды салғанлар —
Еріндерін жымқырсын.
Жағадан келіп алғандар —
Жаутаң қағып бұл тұрсын.
Ойындағысы болғандар —
Ойпаңға түссін томпаңдай.
Сонда да өкінішін қалар ма,
Қайран Дулат, Мұрат, Шортанбай?!
Бұдан басқа не деймін,
Кешіре гөр, Зар Заман,
Мен әзірге Кедеймін —
Рухыңнан Қаржы алам.
Мен, мен дейді, мен дейді —
Көкірегімде талап көп.
Ауызға түскім келмейді,
Қайраннан алған шабақ боп.
Лашынның тепкіні
Теперіш көрді — ол даусыз.
Қызғыш күс енді құлай ма?
Алланың не берері болжаусыз,
Касқалдақтар, мұнайма!!!

КЕСТЕЛІ ОРАМАЛ

(Сатирик Бердібай Кемалдың «Келіспеген кесте» жинағының тұсаукесерінде оқылған өлең)

Осы залда отырғандар тегіс біледі:
Бізге —
Шопаны жоқ Жайлау,
Астығы жоқ Қырман,
Комбайны жоқ Егіс күледі.
Ау, Бердібай,
Кестемізді Кім келістіреді?

Осы залда отырғандар тегіс біледі:
Бізге —
Ағылшын,
Француз,
Тіпті... неміс күледі.
Ау, Бердібай,
Кестемізді Кім келістіреді?

Ай, Бердібай,
Артық туған Мөңке бидің тұқымы,
Кестеміздің шекесінен қандай Саусак нұқыды?
Жіптеріміз бырт-бырт етіп үзілді,
Инеміздің қалды тигтей Тұқылы.
Кестесі жоқ Орамал
Енді бізге не десе де хұқылы.

«Бұлақ бастан бұлғанды,
Кім тұндырар»... Бұлақты?
Шауып алдық Бұлаққа өкпелеген кұрақты.
Ей, Кестелі Орамал,
Штатыңыз қысқарды.
Майлық, сулық —
казіргі Қонағымыз тұрақты.

Ей, Кестелі Орамал,
өкпелеме, тындашы.
Бола алмайсың
сен енді ғашықтардың сырласы.

Кестесі бар Орамал іздеп жүрген Еркек жоқ,
Жоқ сондықтан инеге икемі бар ұрғашы.

Жұртым менің үйренді жымсиюды жылымшы,
Ей, Кестелі Орамал,
ренжіме,
ұғыншы.

Кімге керек қазақы кестесі бар Орамал –
Шекпен тігіп жатқанда кіл шетелдік Тігінші.
Ай, Бердібай, Бердібай,
Сөйлер ме едім мен бұлай?!
Келіспегенді құрметтеп,
Келіскенді жеңдік-ай!

Мұңым менің бітпеді-ай,
Күнім нені күткені-ай?!
Қайдасындар,
Келіспеген Кестені
Келістірер Жіптер-ай?!

ӨЛЕҢ

Міне, тағы оқып тұрмын өлеңімді мен сіздерге,
Өлең менің тамшы суым тілге басар елсіз жерде.
Өлең менің портретім сақал-мұрты күзелмеген,
біразырақ жетістігім,
кемшілігім түзелмеген,
бермей жүрген сәлемдерім,
ұсынбаған алақаным,
жел сокқанда бүрсендейтін қорғаны жоқ балапаным.
...Баяғыша оқып тұрмын өлеңімді алдарында,
Жапырақтар бүрісіп тұр имандылық талдарында.
Эстрада зіркілдейді Ақтөбенің залдарында,
Алтын балық бүлкілдейді ақылсыздың кармағында.
Бұқар жырау жоқ болған соң,
Жоқ болған соң хан Абылай,
Өлең оқып тұрмын, міне,
(қайран менің талабым-ай!).
Хан Абылай түйе бақты қырға шығып, құмға сырғып,

Түйеміз жоқ,
Сосын біздер шошқа бактық,
Бұл да шындық.
Шошқа бактық амалсыздан,
Жылқымыз жоқ,
Түйеміз жоқ.
Қымыз, шұбат ішпеген соң бойымызда киеміз жоқ.
Сылдыр сұйық айран іштік,
Қазан түбін жалап іштік,
Арзан тағам болғаннан соң акырында арақ іштік.
Бұқар жырау,
Енді Сіз де ұрса алмайсыз мына бізге,
Хан Абылай біз емеспіз түйе баққан құла дүзде —
Құла дүзде шөппен, гүлмен,
таумен, таспен... достаспадық,
Акы беріп білім алдық,
ақша беріп көш бастадық.
Көш бастадық.
Қыр басында алқа-салқа көш келеді,
Жоқ ішінде Бұқар жырау —
Автомобиль бос келеді...
Асфальт жолда шаң борайды,
шалдығыпты талай ұлдар.
...Абылай хан көрінбей ме,
Қарандаршы, ағайындар!..

«МОСКВА» ЖАЗУ МАШИНКАСЫМЕН СҰХБАТ

Он алты жас,
Жел соқпай-ақ желкілдейді жас құрағым.
Өлең жазу,
акын болу —
комсомолдық басты ұраным.
Кім қолтыққа көпшік қояр,
көрпе төсер астыма кім?
...Есінде ме, сол акымақ,
машинкасы Москваның?!

Москваны көргенім жок...
таң атады, күн батады,
Кремльдің куранттарын радио тындатады.
Брежнев көкеміздің өсіп жатыр күнде атағы,
Жұлдыз такты қазақтың да
басшысының бірқатары.

Машинкасы Москваның,
есінде ме бір жас бала?
сүю,
күю,
өлу,
талу —
Жазатыны кіл маскара.
Бұл бала үшін тек Москва —
Жеке-дара нұрлы астана,
Желтоқсанның желі әлі тимеген кез бұл қасқаға.

Желтоқсанның желі әлі соқпаған кез...
Нанасың ба —
Қазық таппай сандалған кез қалың
орман арасында.

Айтылар сөз:
«Тәртіпті бол,
орнынды біл,
аласұрма!».
Ленин тұр ақыл айтып барлық қазақ қаласында.

Машинкасы Москваның,
айта берем енді несін,
Г.В. Колбин үйренбеген қазақшаны сен білесің.
Сен білесің хан билігін,
Алаш жырын, ел күресін,
Ақ қағазға түсіргенің — ерте сөнген белгілі есім...

Машинкасы Москваның,
ескерткіші келмес күннің,
қатар өскен сырлас досым,
талай жылғы теңдес құрбым.
Біз туралы әңгімеге
компьютерлер сенбес бір күн.

Машинкасы Москваның,
сен де ескірдің,
мен де ескірдім.

Ескірдік пе,
кезімізде шамадан тыс күй ақтарып,
Көз жеткісіз биіктерге қия шауып, тұяқ талып?
Жұрт алдында қыздыра ма бетімізді ұят қарып,
Ескірдік пе компартия уставтары сияқтанып?
Машинкасы Москваның,
еске салма ен бүлікті.
Сен де біраз жасқа келдің,
құрықтадым мен қырықты,
Алматыдан Астанаға аударайық енді үмітті,
Машинкасы Москваның,
бауырымсың жергілікті.

Мен – акынмын,
жан-жүрегім дүниеге таза ғашық,
Күндіз күлкім бұзылмасын,
түн ішінде маза қашып.
Аспан қандай:
Қара бұлт жоқ.
Мөлдір сәуле.
Ғажап ашық!
Машинкасы Москваның,
...кетпе енді жаза басып!

БҰРЫНҒЫ ӨТКЕН АҚЫНДАР

Газеттерге бермеген,
Журналдарға баспаған,
Ақылдасып желменен
Жазып-жазып тастаған.
(Беу, соларды бекерге
Менсінбейді астанам).

Батар кезде сәл мұнға –
Сырын айтқан шалғынға.
Сырын айтқан шалғынға –
Образға жағымсыз
Тиісердің алдында.

Басқалардан тілі үстем,
Шорқак деуге болмайды.
Саясатка кіріскен,
Қорқак деуге болмайды.

Ленинді мактаған,
Сталинді мактаған.
Шабыт деген шахтадан
Мактауға сөз таппаған.
Кіргенде Ол қақпадан —
Басқарманың иттері
Арсылдауға батпаған.
«Шығардым,— деп,— мықты өлен»,
Өзіне таң қалмаған.
Қаламақы күтпеген,
Лауреаттық алмаған.

Ел алдына шықпаған,
Сөйлемеген мінбеден.
Бас Хатшыны құптаған,
Артық кулық білмеген.
Баспахана баспаған,
Жинақтары шықпаған.
(Ескер соны, астанам,
Қасиетгі құтханам).

Алмасын деп құлатып
Ардың туын Ұлы Ақ Таң.
Өзгелерді жұбатып,
Өзін ғана жылатқан.
Өткен сондай ақындар:
«Үні кетпес құлақтан,
Ағыны күшті бұлақтан»...

Сол акынның қасында
Акынбыз ба біз деген?!
Сол акынның қасында
Батырмыз ба біз деген?!
...Ондай болу, ай, кайда —
Қорықпаңыз Сіз менен.

АДАСУ

«Адасканның алды жөн, арты сокпақ»...
Дұрыс па?
Күн жарықта адастым,
кешіре гөр,
ұрыспа.
Себебі ме, себебі –
бұраң-бұраң жолдарда
Мінетінім ылғи да акырғы арба, соңғы арба.
Ерге қонсам тиері – көтерем ат.
Маскара!
«Ертіп кет» деп жалынам (амалым жоқ) басқаға.
Сталинге еріп ем –
Түсініксіз бірдеңе:
Кіріп кеттім түрмеге
(отыра бер,
үндеме).
Хрущевке еріп ем –
Ел болғаным жақпады,
Ақмоланың есімін етігімен таптады.
Горбачевке еріп ем –
Сайкалы мен саяғы
жұдырығын сілтеді...
Желтоқсанда... баяғы...
Ала-құла тігілген костюмі мен шекпені
СССР кешегі –
Адаскандар мектебі.
Лениннің басы бар қызыл-қызыл билеттер –
шашылған жем.
Мына біз –
ұша алмайтын үйректер.
Ұшпағасын биікке,
қонбағасын қияға
Отырамыз жем шоқып жүдеу-жадау ұяда.
Екі шоқып, бір қарап...
айналдық па қарғаға –
Әкемізді сабалық байлап қойып арбаға.
Әкемізді сабадық –
балаларын шулатып.

Ал Әкеміз кім еді —
Байтұрсынов,
Дулатов,
Шәкәрім де,
Мағжан да,
Жүсіпбек те —
Әкеміз.
Қол көтеру Әкеге —
Социалистік қатеміз.
Жарты патша Қонаев,
Қамшы тиді Сізге де,
Әкемізді сабауға құмар болдық біз неге?
Күн жарықта адастық,
Қателестік, беу, неден?
Бізді қоғам басқарды жүрегі жоқ кеудемен.
Бізді қоғам басқарлы тұз салмаған аспенен,
Мылтығы бар қолменен,
каска киген баспенен,
ерте түскен тұманмен,
сөзі арзан жыр-әнмен,
ресейлік ұранмен,
қудаланған Құранмен.
Төрден орын тимеді,
Көп тығылдық бұрышқа.
Күн жарықта адастық,
кешіре гөр,
ұрыспа.
«Адасқанның алды жөн, арты соқпақ»...
Дегенмен,
Адаспайтын ұрпақтың туарына сенем мен.

БАТЫР БЕЙІТ

1979 жылы зиялы ақсақалдар батыр, әулие Есеттің қабірі ескіргесін аруақ алдындағы елдік борыштарын өтеу үшін оны жаңартып салғыза бастағанда, коммунистік партия дейтін таяжалдың облыстағы ұясы зорлықпен қираттырды. Бірақ олар елдік сананы қирата алмады, ақыры коммунистік партияның өзі қирады да, Есет бабаның қабірі мазарға айналып, мәңгілікке көтерілді. Өлең осы туралы.

Галстукты тағып алған кіл мықты,
Қалмақ қайта шапқандай-ақ дүрлікті.
Бір бульдозер түйгіштеді бейітті,
Сол бұзғандай мамыражай тірлікті.